

**Мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 31 қазан

Төрағалық етті: Б.Ш. Ағыбаева

Катысқандар:

Қоғамдық кеңес мүшелері: Жақыпов М.Х., Раисова Г.Б., Әбіл Е.А.,
Әбіл Е.Қ., Баяжұма А., Закиев Ә.Б., Қожатаева А.А., Құрманова Б.Б., Мұксимов
С.С., Ойшыбаева Ж.Б.

Күн тәртібі:

Мемлекеттік қызметке іріктеу тәртібі туралы

(Шілманов А.А.)

1. Баяндамашының ақпараты назарға алынын.
2. Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне мемлекеттік қызметке іріктеуді жүзеге асыру барысында ұсынылады:
 - 1) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу тәртібін және «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіндегі жаңа форматтағы іріктеу тәртібін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды;
 - 2) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына іріктеудің жаңа форматын сынақтан өткізіп отырған мемлекеттік органдардың тәжірибелерін мұқият талдау негізінде пилоттық жобаны жетілдіруді;
 - 3) жаңа форматтағы іріктеудегі әңгімелесу кезеңіне адами факторлардың араласуына жол бермейтін нұсқаларын ойластыруды;
 - 4) азаматтардың тең құқылыш негізде мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігін қамтамасыз етудің өзектілігін ескере отырып, жаңа форматтағы іріктеу жүйесінде мемлекеттік қызметтің жоғары басшылық лауазымдарына баратын үміткерлер үшін ішкі конкурс тетігін алып тастау мүмкіндігін қарастыруды;
 - 5) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау тәртібін сактау заңдылығын мониторингтеуді қамтамасыз етуді.

**Қоғамдық кеңес
төрағасы**

Б. Ағыбаева

**Қоғамдық кеңес
хатшысы**

М. Иманбаев